

## Йорк герцогі Эндрю ханзаданың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 187-ө  
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты тереңдету және 2006 жылғы 3 - 7 шілдеде Астана, Алматы, Орал, Ақсай қалаларында Йорк герцогі Эндрю ханзаданың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:  
қосымшаға сәйкес Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғалы адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Йорк герцогі Эндрю ханзаданың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана, Алматы және Орал қалаларының әуежайларына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана, Алматы және Орал қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.



7. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК